

# **АТЫРАУ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ**

---

**ВЕСТНИК  
АТЫРАУСКОГО  
УНИВЕРСИТЕТА**

**BULLETIN  
OF THE ATYRAU  
UNIVERSITY**

**№ 1 (76) 2025**

1996 жылдан бастап шығады  
Издается с 1996 года  
Founded in 1996

Жылына 4 рет шығады  
Выходит 4 раза в год  
Published 4 times a year

Атырау қ., 2025  
г. Атырау, 2025  
Atyrau, 2025

---

---

## МАЗМҰНЫ — СОДЕРЖАНИЕ — CONTENT

### ТАРИХ ЖӘНЕ АРХЕОЛОГИЯ ~ ИСТОРИЯ И АРХЕОЛОГИЯ ~ HISTORY AND ARCHEOLOGY

## МАЗМҰНЫ — СОДЕРЖАНИЕ — CONTENT

### ТАРИХ ЖӘНЕ АРХЕОЛОГИЯ ~ ИСТОРИЯ И АРХЕОЛОГИЯ ~ HISTORY AND ARCHEOLOGY

|                                                                                                                                                                                                                                     |    |
|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----|
| Sengul M.B. Social and cultural aspects of Western Kazakhstan during the second world war.....                                                                                                                                      | 7  |
| Turlybekova A.M., Kabidenova Zh.D., Sadykova A.M., Zhusupova L.K. Anti-Religious Policy of Soviet Power in Kazakhstan in the 1950s-1980s (based on Archival Materials).....                                                         | 21 |
| Zhalelov A.A., Shevnina I.V. History of study of bronze age monuments in Northern Kazakhstan in the XX–XXI centuries.....                                                                                                           | 32 |
| Динашева Л.С., Исабек Б.Қ. Кеңестік еңбек лагерлеріндегі әскери тұтқындар: №348 лагері мысалында [Prisoners of War in soviet labor camps: the case of camp no 348].....                                                             | 45 |
| Шалманова Ә.Б., Бекназаров Р.А. Моңғолия қазақтары шаруашылығының ерекшеліктері [Peculiarities of Mongolian kazakh farming].....                                                                                                    | 56 |
| Alipova D.Z., Berdygozhin L.B., Kaigalyeva G. Guryev region in 1941-1945.....                                                                                                                                                       | 68 |
| Хамидуллина Д.Ұ., Әлжанов Ғ.М., Насипуллаев Е.Б., Махметова Э.М. Ортағасырлық Сарайшық қаласынан табылған жәдігерлер мотивтерін қайта жаңғырту жұмыстары [Reconstruction of artifacts found in the medieval city of Sarayshyk]..... | 80 |

### ПЕДАГОГИКА ЖӘНЕ ПСИХОЛОГИЯ ~ ПЕДАГОГИКА И ПСИХОЛОГИЯ ~ PEDAGOGY AND PSYCHOLOGY

|                                                                                                                                                                                                                                                                          |     |
|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----|
| Kuzembayeva G, Sultangubiyeva A., Tusupbekova N. University instructors' perspectives on pros and cons of artificial intelligence in education.....                                                                                                                      | 89  |
| Аплашова А.Ж., Комекбаева Л.К., Аяпбергенова Г.С., Тусупова М.М. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға психологиялық-педагогикалық қолдау [Psychological and pedagogical support for children with SEN].....                                                    | 97  |
| Сары Б.Б., Сұлтанғалиева О.Қ., Жусупова Ж.А., Шоканов Р.А. Болашақ мұғалімдердің бастауыш сынып оқушыларын мамандыққа бейімдеуге дайындау мәселесі [On the question of preparing future teachers for the adaptation of primary school students to the profession].....   | 109 |
| Сейітқазы П.Б., Аспанова Г.Р., Жапарова Б.М. Самопрезентация учителя в социальных сетях как компонент формирования личного бренда [Teacher's self-presentation on social media as a component of personal brand formation].....                                          | 118 |
| Адельбаева Н.А., Медешова А.Б., Тулегенова Б.Н., Хажғалиева Г.К. Организация самостоятельной работы студента в условиях цифровизации образования [Organization of independent student work in the context of digitalization of education].....                           | 133 |
| Kaldarova A.K., Vasquez M.A., Kulgildinova T.A. Transforming student writing skills through Google docs: collaborative and interactive techniques.....                                                                                                                   | 148 |
| Kolumbayeva Sh., Sadykova A., Atabekova B., Eshtaeva E. Innovative technologies as a factor in shaping teachers' professional competence.....                                                                                                                            | 159 |
| Жусупбекова Г.Г., Бисенова Д.К. Кіші мектеп оқушыларының вокалдық дағдыларын қалыптастырудың психологиялық-педагогикалық ерекшеліктері [Psychological and pedagogical features of forming vocal skills of younger schoolchildren].....                                   | 170 |
| Исаев Ғ.И., Мукашева Д.М., Серікқызы А., Әбеннова Д.Ж. Білім алушылардың биология сабағында интегративті әдісті қолдану арқылы функционалдық сауаттылығын дамыту [Development of functional literacy of students using the integrative method in the biology class]..... | 179 |
| Шугаева Г.К., Койшигулова Л.Е., Курмангазиева Г.Т., Нурсултанова Г.Д. Роль непрерывного профессионального развития педагога в повышении качества образования [The role of continuous professional development of the teacher in improving the quality of education]..... | 191 |
| Мугауина Г.О., Джуманова К.Д., Турегалиева В.С., Жумабаева К.С. Жоғары білім беру жүйесіндегі педагогтың гендерлік мәдениетінің ерекшеліктері мен даму жолдары [Features and ways                                                                                        |     |

|                                                                                                                                                                                                         |     |
|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----|
| of development of gender culture of a teacher in the system of higher education].....                                                                                                                   | 203 |
| Nemtchinova E., Yelubayeva P.K., Gabdullina Zh.Y. The impact of digital authentic materials in ESP classrooms on students' critical thinking and effective communication.....                           | 217 |
| З.А. Мәдениетова, А.М. Утешкалиева Мектепшілік бақылау - білім беру орнын басқару жүйесінің бөлігі ретінде [Intra-school control - as part of the management system of an educational institution]..... | 233 |

## ЭКОНОМИКА ~ ЭКОНОМИКА ~ ECONOMICS

|                                                                                                                                                                                                                                                                                                                       |     |
|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----|
| Мадиярова Д.М. Анализ и перспективы развития инновационности Республики Казахстан [Analysis and prospects for development of innovation in the Republic of Kazakhstan].....                                                                                                                                           | 244 |
| Tang S., Wang L., Huo X. Strategic priorities for expanding China Kazakhstan international economic cooperation.....                                                                                                                                                                                                  | 257 |
| Kazambayeva A.M., Yesengalieva S.M., Salimbaeva Sh.S., Akhonova G.K. Food security in Kazakhstan: analysis of the current state and strategies for sustainable development.....                                                                                                                                       | 272 |
| Дәулетханова Ж. Д., Хуаныш Л.Х., Ерниязова А.А., Есенова Г.Ж. Қазақстанның банк секторында және ЕАЭО елдері арасында цифрлық қаржы қызметтерінің қолжетімділік деңгейін талдау [Analysing the level of accessibility of digital financial services in the banking sector of Kazakhstan and among EAEU countries]..... | 287 |
| Жиентаев С.М., Кусымбаева Д.Ф. Качество жизни населения Казахстана: проблемы и пути решения [The quality of life of the population of Kazakhstan: problems and solutions].....                                                                                                                                        | 300 |
| Андабаева Г.К., Какижанова Т.И., Сатпаева З.Т., Кангалакова Д.М. Кәсіпкерлік қызмет экономикалық дамудың анықтаушы факторы ретінде [Entrepreneurial activity as a determining factor of economic development].....                                                                                                    | 313 |
| Амалбекова Г.Е., Ерсеитова А.Ұ, Наренова А.Н, Заманбекова А.Б. Құс шаруашылығының инновациялық дамуы: мәселелер және келешегі [Innovative development of poultry farming: problems and prospects].....                                                                                                                | 325 |
| Кудайбергенов Ж.Б., Курманалина А.А., Болатова Б.Ж., Тайжанов Л.Т. Қалдықтарды тиімді басқару мәселесі: Ақтөбедегі қоқыс полигоны мысалында [Problems of effective waste management: a case of the Aktobe landfill].....                                                                                              | 337 |
| Джусупова А.М., Хаджиева Г.У. Малое и среднее предпринимательство как эффективный инструмент устойчивого развития экономики Казахстана [Small and medium-sized businesses as an effective tool for sustainable development of the economy of Kazakhstan].....                                                         | 351 |
| Саябаев К.М., Тиреуов К. М., Рыспекова М.О., Сыздықбаева Н. Б. Роль государства в развитии сельского туризма: уроки зарубежных стран для Казахстана [The role of the state in the development of rural tourism: lessons from foreign countries for Kazakhstan].....                                                   | 365 |
| Кыдырбаева К., Куланова Д.А., Альжанова А.А., Абдикеримова Г.И. Строительная отрасль Республики Казахстан: состояние и инвестиционная привлекательность [Construction industry of the Republic of Kazakhstan: state and investment attractiveness].....                                                               | 379 |
| Қарағойшина Н.Е. Әлеуметтік қақтығыстардың Қазақстан экономикасына тигізетін әсері және еңбек құқықтарын қорғау жөніндегі мемлекеттік саясат [The impact of social conflicts on Kazakhstan's economy and state policy on the protection of labor rights].....                                                         | 390 |
| Сабирова Р.К., Дингазиева М.Д., Мугауина Р.У., Сон С.Д. Аналитический обзор маркетингового исследования потребительского спроса на экологически чистые овощи в Атырауской области [Analytical review of the marketing research of consumer demand for organic vegetables in Atyrau region].....                       | 402 |
| Космуратова А.Ж., Талапбаева Г.Е., Адиева Э. М., Бисембиева Ж.К. Регулирование цен на рис: формула защиты рынка [Price regulation for rice: a market protection formula].....                                                                                                                                         | 418 |
| Алтынбеков М.А., Бекжанова Т.К., Бакирбекова А.М., Ыдырыс С.С. Цифрлық бизнестің Қазақстанның инновациялық дамуына әсері [The impact of digital business on the innovative development of Kazakhstan] .....                                                                                                           | 431 |

## ҚҰҚЫҚ ~ ПРАВО ~ LAW

|                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                    |     |
|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----|
| Шестерякова И.В., Шестеряков И.А. Возмещение имущественных последствий, причиненных уголовным правонарушением [Compensation for property consequences caused by a criminal offense].....                                                                                                                                                                                                                                                           | 445 |
| Бекбауова А.А., Акимжанов Т.К. Зарубежный опыт правового регулирования условно досрочного освобождения и возможности его имплементации в отечественное законодательство [Foreign experience in the legal regulation of parole and the possibility of its implementation in domestic legislation].....                                                                                                                                              | 457 |
| Есентемирова А.М., Калмаганбетова Д.Б., Есинбаева Ж.У. Расширение автономии организаций высшего и послевузовского образования посредством совершенствования правовых основ функционирования эндаумент-фонда [Expanding the autonomy of higher and postgraduate education organizations by improving the legal framework for the functioning of the endowment fund].....                                                                            | 467 |
| Абдукаримова З.Т., Кайназарова М.Б. Криминологическая оценка последствий от преступлений в семейно-бытовой сфере в отношении женщин [Criminological assessment of the consequences of crimes in the domestic sphere against women].....                                                                                                                                                                                                            | 477 |
| Bekbutayeva Zh., Sabyr A., Bizhanova A., Zhanalieva A. Comparative legal analysis of collective agreements in the system of social partnership.....                                                                                                                                                                                                                                                                                                | 487 |
| Нұрыш З.З., Нурлин А.К., Исибаева Е.И. Азаптау құрбандарын, адамгершілікке жатпайтын және ар-намысты қорлайтын шағымдар мен жазалау түрлерін оңалту саласындағы халықаралық стандарттар және Қазақстан Республикасындағы құқық қолдану практикасы [International standards and law enforcement practice in the Republic of Kazakhstan in the field of rehabilitation of victims of torture, inhuman and degrading complaints and punishments]..... | 499 |
| Нурутдинова А.Ж., Исмаилова Б.Ш., Тлеулесова Б.Т. Некоторые проблемы применения понятийного аппарата института «Экологически неблагоприятных территорий» [Some problems of applying the conceptual apparatus of the institute “Ecologically unfavorable territories”].....                                                                                                                                                                         | 508 |
| Адилова К.А., Тасыбаева С.К., Сапаров Б. Туристік қызметті реттеудегі әкімшілік-құқықтық механизмдердің рөлі: Қазақстан мен Түркия мемлекетінің тәжірибесі [The role of administrative and legal mechanisms in the regulation of tourist activities: the experience of Kazakhstan and the Turkish state].....                                                                                                                                      | 517 |
| Муханова А.Т., Айтмуханова Д.У. Международное сотрудничество в решении экологических проблем в условиях модернизации: основные направления и перспективы правового развития [International cooperation in solving environmental problems in the context of globalization: main directions and prospects for legal development].....                                                                                                                | 526 |

Г.К. Андабаева<sup>1\*</sup> , Т.И. Какижанова<sup>1</sup> , З.Т. Сатпаева<sup>2</sup> , Д.М. Кангалакова<sup>2</sup> <sup>1</sup>эл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті  
Алматы қаласы, 050040, Қазақстан Республикасы<sup>2</sup>Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің Экономика институты  
Алматы қаласы, 050040, Қазақстан Республикасы\*e-mail: [gulmira.andabayeva@kaznu.kz](mailto:gulmira.andabayeva@kaznu.kz)

## КӘСІПКЕРЛІК ҚЫЗМЕТ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУДЫҢ АНЫҚТАУШЫ ФАКТОРЫ РЕТІНДЕ

### Андатпа

Кәсіпкерлік белсенділік экономикалық дамуға әсер ететін маңызды фактор болып табылады. Бұл үдеріс жаңа кәсіпорындарды құруды, инновациялық қызметті, жұмыс істеп тұрған кәсіпорындарды кеңейтуді және бизнес-үдерістерді жетілдіруді қамтиды. Бұл мақалада осы үдерістерді тиімді қамтамасыз ету арқылы экономикалық дамуға қол жеткізуге болатындығы қарастырылды. Мақалада кәсіпкерлік қызметтің экономикалық дамуға қалай ықпал ететіндігі, оның деңгейіне қандай факторлар әсер ететіні аталды. Мақаланың негізгі мақсаты: Қазақстан Республикасындағы кәсіпкерлік қызметтің деңгейі елдегі экономикалық даму деңгейіне барынша оң әсер ететіндігін көрсету. Кәсіпкерлікті экономикалық дамудың жеке факторы ретінде қарауға болатындығы қарастырылды.

Зерттеу әдістемесі: мақалада ғылыми ақпараттар жүйелі түрде талданып, бір құрылымға келтірілді. Шетелдік ғалымдардың зерттеулеріндегі кәсіпкерліктің экономикалық дамуға тигізетін әсерлерінің әдістемелерін негізге алатын дедукция әдісі де қолданылды. Зерттеу барысында авторлар деректерді талдау, салыстыру, корреляциялық-регрессиялық талдау әдістерін пайдаланды.

Зерттеу ерекшелігі / құндылығы: мақала қолданыстағы теориялар мен эмпирикалық зерттеулерге шолу жасау арқылы экономикалық дамудағы кәсіпкерлік қызметтің рөлін түсінуге мүмкіндік береді. Бұл кәсіпкерліктің экономикалық өсуді ынталандыратын механизмдері мен шарттары туралы білімді тереңдетуге көмектеседі. Мақаланың теориялық және практикалық маңыздылығы кәсіпкерлік қызметтің экономикалық дамудағы рөлі туралы ғылыми зерттеулерге өз үлесімізді қосуда.

Зерттеу нәтижелері: осы мәселе бойынша отандық және шетел әдебиеттерін зерттеу арқылы кәсіпкерлік қызметтің қазіргі таңдағы өте маңызды рөлін атап көрсете отыра, осы қызмет нәтижелерінің экономикалық дамуға әсері көрсетілген. Кәсіпкерлік қызметтің экономикалық дамуға әсерін бағалау бойынша кейбір зерттеулерге сүйене отырып, аймақтар бойынша панельді деректер регрессиясы бағаланды. Мақаланың негізгі мақсатына сәйкес Қазақстан Республикасының экономикалық даму деңгейіне аймақтардағы түрлі экономикалық көрсеткіштердің қаншалықты және қалай әсер ететіндігі анықталды, соның ішінде тіркелген кәсіпорындар саны, жұмысбастылық, инфляция, сауда ашықтығы сияқты бірнеше факторлар арасыдағы байланыстар көрсетілді.

**Негізгі сөздер:** кәсіпкерлік, кәсіпкерлік белсенділік, инновациялар, технологиялық прогресс, экономикалық даму, экономика-математикалық модель

### Кіріспе

Кәсіпкерлік қызмет қазіргі заманғы экономикалық даму мен қоғамның әлеуметтік-экономикалық тұрақтылығын қамтамасыз ететін маңызды факторлардың бірі болып табылады. Әсіресе, нарықтық экономика жағдайында кәсіпкерлік мемлекет пен қоғам үшін үлкен маңызға ие. Кәсіпкерлік қызметті қалыптастыру және дамыту – әлеуметтік-экономикалық қатынастарды жүзеге асырудағы негізгі факторлардың бірі ретінде қарастырылады. Бұл қызмет қоғамдағы ресурстарды тиімді пайдаланып, жаңа жұмыс орындарын құру, технологияларды енгізу және өнімділікті арттыру арқылы экономикалық өсімді қамтамасыз етеді.

Кәсіпкерлік қоғамның экономикалық және әлеуметтік дамуының басты қозғаушы күші болып табылады. Бұл – жаңа идеяларды, жаңа инновацияларды жүзеге асыру арқылы экономикаға жаңа серпін беретін және халықтың өмір сүру деңгейін жақсартатын қызметтің бір түрі. Нарықтағы әртүрлі қызмет түрлеріне белсенді түрде араласу арқылы

кәсіпкерлер ұлттық экономиканың жандануы мен халықтың әл-ауқатының артуына тікелей ықпал ететіні мәләм. Отандық және дүниежүзілік тәжірибеден байқағанымыздай, нарықтық экономиканың еркіндігі негізінде, әмбебап өндіруші мен кәсіпкерлік белсенділігінің арқасында экономикалық әл-ауқатты арттыруға мүмкіндік алады. Мұның айқын дәлелі ретінде дамыған елдердің тәжірибесін айтуға болады, мысалы, АҚШ, Германия және Жапония сияқты елдерде кәсіпкерлік қызмет ұлттық экономикада шешуші рөл атқарады және мемлекеттің тұрақты дамуына ықпал етіп келеді.

Заманауи кәсіпкерлік «іскерлік», «бастамалық», «батылдық», «икемділік» ұғымдарымен жалғасып көптеген қызықты, әрі тиімді идеяларды іске асырып, оның жан-жақты өркендеуіне ықпал етеді. Кәсіпкерліктің бірегейлігі оның динамикалық даму қабілетінде, икемділігінде және кез келген қиындықтарды еңсере алатындығында жатыр. Бұл әсіресе шағын және орта кәсіпорындардың дамуына әсер етеді. Олар жаңа нарықтық сегменттерді игеріп, инновациялық шешімдерді енгізіп, өз қызметтерін жылдам бейімдей алады. Сондықтан кәсіпкерліктің қызметі мен дамуына қолайлы жағдай жасау кез келген елдің экономикалық өсуін жеделдетуге себеп болады. Экономиканы әртараптандыру, жаңа салаларды дамыту және өндіріс қуаттарын тиімді пайдалану кәсіпкерліктің арқасында жүзеге асады. Кәсіпкерлік қызмет мемлекеттік қолдау шараларының арқасында жаңа деңгейге көтеріле алады. Бұл ретте мемлекет кәсіпкерлерге жеңілдетілген салық салу, субсидиялар беру және заманауи қаржыландыру құралдары арқылы көмек көрсетуі маңызды.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына жолдауында тиімді шағын және орта бизнес - елдің әлеуметтік, экономикалық және саяси өміріндегі маңызды рөл атқаратын қала мен ауылдың дамуының берік іргетасы екенін атап өтті [1]. Сондықтан шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту мәселесі – елдегі басты басымдықтардың бірі болып табылады.

### **Зерттеу материалдары мен әдістері**

Зерттеу объектісі – Қазақстан аймақтарының кәсіпкерлік қызметі. Бастапқыда, материалдарды дайындау кезеңінде әдебиеттерді, деректерді талдау әдісі қолданылды. Бұл әдісті қолдану барысында қажетті бастапқы және екінші ретті ақпараттар, соның ішінде статистикалық деректер жинақталды. Кешенді түрде талдауды қамтамасыз ету үшін салыстыру әдісі қолданылды. Түрлі авторлардың кәсіпкерлік қызметтің экономикалық дамуға тигізетін әсерін бағалау әдістері салыстырылған. Қазақстан Республикасы Ұлттық статистикалық бюросының сайтындағы статистикалық деректерді қолдана отырып, корреляциялық және регрессиялық талдау әдісі де жүзеге асырылды.

### **Нәтижелер мен оларды талқылау**

Қазіргі заманауи экономикалық ғылымның басты міндеттерінің бірі экономикалық дамуды қалыптастыратын, анықтайтын факторларды айқындау деп атауға болады.

Экономикалық өсудің дәстүрлі неоклассикалық теориясын 1956 жылы алғаш рет Роберт Солоу «A Contribution to the Theory of Economic Growth» деген мақаласында жариялаған болатын [2]. Р.Солоу теориясы бойынша экономикалық өсім екі фактор функциясы арқылы анықталған: капитал деңгейі және белгілі бір саладағы еңбек. Ал функцияның нақты сипаты қоғамға қол жетімді технологиялық мүмкіншіліктермен анықталады. Сонымен, осы теорияға сәйкес белгілі бір елдің экономикалық өсуі сол елдің еңбек және капитал көлемі мен оның технологиялық мүмкіншіліктерімен, яғни елдің білім деңгейімен анықталады.

Сонымен қатар, экономикалық өсудің басты себептерінің бірі ол мемлекеттік саясаттың нарыққа қолайлы болуы деп анықтауға да болады. «The Path of Liberalization and Economic Growth» атты мақаласында Ханс Питлик: нарыққа бағытталған мемлекеттік саясат сол елдің экономикалық өсуіне оң әсер ететінін зерттеген болатын [3]. Мұндай саясат елдің табысын арттырады деп түсіндіреді. Экономикалық өсуді қамтамасыз ететін

қызметтерді жүзеге асырғаны үшін де заңды және жеке тұлғалар табысқа жетеді деп атап көрсетті, яғни бұл теорияға сүйенсек, кәсіпкерлік мемлекет саясатына әсер ететіндігін көруге болады.

Ғалымдар да, мемлекеттік органдар да кәсіпкерліктің дамуын экономикалық дағдарыс салдарын жеңу үшін тиімді механизм деп санайды [4]. Осы бағытта белгілі бір елде жаңа бизнес құруды ынталандыратын (немесе кедергі келтіретін) GEM анықтаған тоғыз шарт қойылған анықталған белгіленген, олар Кәсіпкерлік негіздеменің шарттары деген атаумен белгілі (кесте 1).

Кесте 1 – GEM анықтаған кәсіпкерлік негіздеменің шарттары

|                                                                | 2007 | 2014 | 2015 | 2016 | 2017 | 2018 | 2020 | 2021 |
|----------------------------------------------------------------|------|------|------|------|------|------|------|------|
| Кәсіпкерлік қаржылар                                           | 4,70 | 5,82 | 5,28 | 5,18 | 5,35 | 5,52 | 4,93 | 5,60 |
| Мемлекеттік саясат                                             | 3,12 | 4,42 | 4,55 | 4,43 | 4,30 | 4,60 | 4,53 | 5,48 |
| Кәсіпкерліктің мемлекеттік бағдарламалары                      | 5,14 | 4,87 | 4,42 | 4,68 | 4,30 | 4,65 | 4,75 | 5,0  |
| Мектепте кәсіпкерлік туралы білім беру                         | 4,12 | 4,02 | 3,72 | 3,23 | 3,25 | 3,38 | 3,43 | 3,50 |
| Орта білімнен кейінгі деңгейдегі кәсіпкерлік білім беру        | 4,85 | 4,55 | 4,33 | 4,32 | 3,83 | 4,13 | 4,40 | 4,05 |
| ҒЗҰКЖ енгізу                                                   | 4,62 | 3,55 | 3,30 | 3,25 | 3,28 | 3,22 | 3,18 | 2,87 |
| Коммерциялық және құқықтық инфрақұрылым                        | 5,20 | 5,18 | 4,83 | 5,25 | 5,22 | 4,78 | 4,77 | 5,52 |
| Елдегі нарық динамикасы                                        | 5,58 | 5,10 | 5,88 | 4,67 | 4,72 | 5,43 | 5,82 | 5,38 |
| Елдегі нарықтың ашықтығы                                       | 3,80 | 3,83 | 4,18 | 4,10 | 4,25 | 3,78 | 3,63 | 4,10 |
| Қажетті ресурстар мен қызметтік инфрақұрылымның қолжетімділігі | 5,47 | 5,97 | 5,77 | 5,95 | 6,08 | 6,03 | 5,62 | 6,14 |
| Мәдени және әлеуметтік нормалар                                | 6,33 | 5,67 | 4,95 | 5,08 | 4,77 | 4,98 | 4,93 | 5,56 |
| Ескерту: [4] негізінде авторлармен құрастырылған               |      |      |      |      |      |      |      |      |

Кесте 1 бойынша зерттеу мақсатында 7 балдық шкала қолданылады, деректер бойынша Кәсіпкерлік қаржылар – шағын және орта кәсіпкерлік үшін (гранттар мен субсидияларды қоса алғанда) меншікті және қарызға алынған қаржы ресурстарының жылдан жылға артып келетінін байқауға болады. Мектептегі және орта, жоғары оқу орындарында кәсіпкерлік туралы курстардың енгізілгендігін атап өткен жөн. Олар өз алдына жаңа кәсіпкерлік жайлы ойлау қабілетін, жаңа білімдерді туғызады, жаңалықтар жасауға негіз болады.

Жаңа кәсіпорындарды құру немесе оны іске қосу [5] экономикалық өсудің басты механизмі болып саналады [6] және бәсекеге қабілетті экономиканы дамытады [7].

Эмпирикалық зерттеулерге, соның ішінде [8], теориялық дәлелдерге сүйене отырып, кәсіпкерліктің сапалы білімнің берілуі, бәсекелестіктің артуы және әртүрлілікті арттыру арқылы экономикалық өсуге ықпал ететіні жайлы тұжырым алуға болады. Атап айтқанда, кәсіпкерлер әртүрлілік пен іріктеу үдерісін жеңілдетеді, өйткені онда көптеген жеке дара кәсіпкерлер нарық мүмкіндіктерін пайдаланып, жаңа идеяны экономикалық тұрғыдан қолдануға тырысады. Дегенмен, жаһандық білім экономикасындағы белгісіздіктің күшеюіне байланысты осы әртүрлі жаңа идеялардың қайсысы экономикалық тұрғыдан тиімді екендігін қарастырғанға анықталмағандық туындайды [9]. Кәсіпкерлер жаңа бизнесті бастағаннан кейін ғана тұтынушылардың нені қалайтынын және өзінің жаңа идеяларының экономикалық тұрғыдан тиімділігін анықтай алады. Бұл жаңа идеялардың

көпшілігі экономикалық тұрғыдан оңтайлы болмауы да мүмкін, бірақ басым бөлігі тиімді болып табылады, өйткені жаңа идеяны іске қоспас бұрын болжау, жоспарлау үдерістерінің жүзеге асырылатынын естен шығармау керек.

Табысты идеялар көп жағдайда инновацияларға айналады. Жаңа идеяларды көздейтін кәсіпкерлер көп болған кезде, бәсекелестік деңгейі де жоғары болады және әртүрлілік (яғни, әртүрлі жаңа идеялардың көп саны іске асырылады) пен іріктеу үдерістері де қарқынды болады. Жалпы экономика тұрғысынан алғанда, бұл жоғары қарқындылық нақты инновациялардың (яғни, нарықта экономикалық тұрғыдан тиімді идеяларды тандап алуға болады) пайда болу ықтималдылығын арттырады. Осы жағдайларға сай, кәсіпкерлердің инновацияларды жасауы мен оны өндіріске енгізуінің маңыздылығы өте зор [10]. Дамыған елдерде жаңа кәсіпорындарды құруға негізделген кәсіпкерлік пен ұлттық экономикалық өсу арасында оң байланысты байқауға болады [11].

Атап айтқанда, бұл мақала жаңа кәсіпорындар өздерінің қызметі арқылы белгілі бір дағдыларды (соның ішінде адами капитал мен инновациялық дағдыларды) дамытады деп болжамдауға негіз бола алады. Яғни, жаңа кәсіпорындардың санының көп болуы білімнің таралуына және бәсекелестік пен инновацияға, сонымен қатар экономикалық өсуге ерекше әсер етуі мүмкін. Біз кәсіпкерлік пен экономикалық өсу арасындағы байланысты зерттеу барысында бірнеше маңызды көрсеткіштердің әсерлерін қарастырып талдаймыз.

Кәсіпкерлік қызметті сандық жағынан өлшеудегі түрлі тәсілдерді пайдалануда кәсіпкерлік анықтамаларының көп екендігін ескерген жөн. Көптеген әдебиеттердегі зерттеулерге сүйенсек, кәсіпкерлік қызмет жаңадан құрылған фирмалар саны, өзін-өзі қамтамасыз ететін тұлғалар деңгейі және осы сияқты басқа да факторлардың уақыттық қатарларымен немесе қиылысқан деректерімен сипатталады [12], [13].

Бұл байланыстар оң болуы да мүмкін, өйткені кәсіпкер барлық мүмкіншіліктерді пайдалана отырып, жаңа фирма ашуға тырысады, бірақ бұл мәндер бірнеше себептерге байланысты жалпылама көрсеткіш болып табылмайды [14]. Біріншіден, кәсіпкерлік тек жаңа стартаптармен шектелмейді, кәсіпорындардың басқа да әрекеті негізінде жүзеге асырылуы мүмкін. Екіншіден, жаңа бизнесті бастаудың негізгі себептерінің көбі жаңа идеяны жүзеге асыруға ғана байланысты болмауы мүмкін. Үшіншіден, жаңа фирмалардың пайда болуын кәсіпкерлікті сипаттауың өте қарапайым мысалы ретінде анықтауға болады. Кәсіпкерлікті сипаттайтын факторлар ретінде жаңа пайда болған фирмалар санын қолдану ұлттық деңгейде эконометрикалық талдаулар жасауға мүмкіндік береді және ол зерттеулерде экономикалық өсудің жалпы ішкі өнім, ұлттық өнім және өнімділік сияқты басқа да көрсеткіштерін байланыстыра отырып қарастырған орынды.

2024 жылғы 1 наурыздағы жағдай бойынша тіркелген заңды тұлғалар саны 527474 бірлікті құрады, оның ішінде 422495 жұмыс істеп тұрған заңды тұлғалар (кесте 2).


Кесте 2 – 2023-2024 жылғы 1 наурыздағы жағдай бойынша тіркелген заңды тұлғалар

|                                                   | Заңды тұлғалар |                    | Дара кәсіпкерлік субъектілері |                    | Филиалдар және шетелдік заңды тұлғалардың филиалдары |                    | Шағын және орта кәсіпкерлік субъектілер |                    |
|---------------------------------------------------|----------------|--------------------|-------------------------------|--------------------|------------------------------------------------------|--------------------|-----------------------------------------|--------------------|
|                                                   | тіркелген      | жұмыс істеп тұрған | тіркелген                     | жұмыс істеп тұрған | тіркелген                                            | жұмыс істеп тұрған | тіркелген                               | жұмыс істеп тұрған |
| 2023                                              | 510797         | 410744             | 1652564                       | 1550617            | 32200                                                | 22130              | 20977519                                | 1904656            |
| 2024                                              | 527474         | 422495             | 1723575                       | 1648548            | 31942                                                | 22468              | 2184363                                 | 2012702            |
| Ескерту: [15] негізінде авторлармен құрастырылған |                |                    |                               |                    |                                                      |                    |                                         |                    |

Жыл сайын тіркелген заңды тұлғалар санының орта есеппен 4,5%-ға өскені байқалады, осылай соңғы он жылда (2014-2023 жылдары) олардың саны 353833-дан 526290

дейін (172457 бірлікке немесе 48,7%-ға) өсті. Осыған байланысты негізгі өсім шағын заңды тұлғалар есебінен орын алатындығын атап өту қажет, олардың саны жыл сайын тұрақты түрде орташа есеппен 4,6%-ға көбейді. Шағын кәсіпкерліктен бөлек, орта және ірі заңды тұлғалар серпіні тұрақсыз сипатқа ие. Соңғы онжылдықта, орта және ірі заңды тұлғалар санының жыл сайынғы өскенмен, 2016, 2017 және 2019 жылдары олардың саны сәл (1,3%-ға, 1,4%-ға және 3,1%-ға сәйкесінше) төмендеді.

Кәсіпкерлік пен экономикалық өсу арасындағы байланыстылықты, олардың арасындағы осы байланыстылықты қалыптастыратын көптеген жағдайлар бар, олар өз алдына белгілі бір көрсеткіштермен анықталады (сурет 1).



Сурет 1 – Кәсіпкерлік пен экономикалық өсу арасындағы байланыс

Ескерту: авторлармен құрастырылған.

Кәсіпкерлік пен экономикалық өсу арасындағы байланысты бірнеше негізгі көрсеткіштер арқылы сипаттауға болады деп ойлаймыз:

**Кәсіпкерлік белсенділік деңгейі:** Бұған жаңа кәсіпорындардың саны, инновациялық және технологиялық даму деңгейі кіреді. Кәсіпкерлік белсенділік деңгейі неғұрлым жоғары болса, экономикалық өсу әлеуеті соғұрлым жоғары болады.

**Технологиялық прогресс:** кәсіпкерлік инновациялар мен жаңа технологияларды дамытуға ықпал етеді, бұл еңбек өнімділігін және ресурстардың тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді, бұл өз кезегінде экономикалық өсуге ықпал етеді.


**Нарықтық бәсекелестік:** кәсіпкерлік қызметтің іске асырылуы фирмалар арасында бәсекелестікті туғызады, бұл олардың өнім сапасын жақсартуға, бағаны төмендетуге және қызмет көрсетуді жақсартуға ынталандырады, бұл да экономикалық өсуге жақсы әсер етеді деп ойлаймыз.

**Инвестициялар және күрделі салымдар:** кәсіпкерлік қызмет өндірістің ұлғаюына, жұмыс орындарын құруға және табыстың артуына ықпал ете алатын ішкі (жергілікті инвесторлардан) және сыртқы (шетелдік инвесторлардан) инвестицияларды тартады.

**Адами капиталды дамыту:** кәсіпкерлік қызметкерлердің біліктілігі мен білімін дамытуға, жаңа технологиялар мен басқару әдістеріне оқытуға ықпал ете алады, бұл ұзақ мерзімді болашақта еңбек өнімділігін арттыруға және экономикалық өсуге оң ықпал ететіні сөзсіз.

Инновациялар мен зерттеулердің деңгейі: кәсіпкерлік белсенділік ғылыми-зерттеулерді және инновацияларды ынталандырады, бұл экономиканың жаңа секторларын құруға, елдің әлемдік нарықтағы бәсекеге қабілеттілігін арттыруға және ұлттық капиталды байытуға әкелуі мүмкін.

Кәсіпкерлік қызметтің экономикалық дамуға әсерін бағалаудағы көрсеткіштердің бірі ретінде жалпы өңірлік өнімді қарастыруға болады (сурет 2).



Сурет 2 – 2023 жылғы қаңтар-желтоқсандағы жан басына шаққандағы жалпы өңірлік өнім, мың теңге

Ескерту: [15] негізінде авторлармен құрастырылған.

